

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті

Эссе

«Менің арманымдағы Қазақстан»

Орындаған: ҚТӘ-21-2 топ студенті Хамитова Камила Ардаковна

Әрбір өмір сүріп жатқан адамның өз арманы, өз қиялы болады. Ол арманы әртүрлі болуы мүмкін, келешегін ойлайды немесе отбасына, үйіне, тіпті болмаса жұмысы мен алдағы жоспарларына байланысты болуы да ықтимал. Ал кейбір адамдардың арманы ол патриотты сезімді қалыптастырып, өз отаны мен елінің болашағын армандайды. Менің Отаным ол менің Қазақстаным, және менде өз елімнің жарқын болашағын армандаймын.

Ал менің арманымдағы Қазақстан қандай болуы қажет және оны қалыптастырудың жолдары қандай?

Біріншіден, менің қиялымдағы Қазақ жері ол осы жердегі барлық адамның ана тіліміз қазақ тілінде сөйлеуі. Өйткені, сөздің шынына келсек өзге ұлт тұрмақ, өзіміздің қазақ бауырларымызда ана тілімізді білмейді, әрине көпке топырақ шашпаймын, бірақ сондай адамдар кездесіп, адамның жүрегін жылатады. Ғ. Мүсірепов айтып кеткендей «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді». Демек, біздің еліміздің жарқын болашағы негізінен тікелей осы ана тіліміз қазақ тіліне байланысты деген ойдамын. Егер әрбір Қазақстан тұрғыны осы тілді жетік меңгеріп, еш акцентсіз, еркін түрде сөйлесе, онда біз өзге мемлекеттерге күлкі емес сыйлы болатын едік деп есептеймін. Ал сыйлы болған жерде, еліміздің болашағы дәл менің арманымдағыдай қарқынды түрде дами бастайды.

Екіншіден, менің арманымдағы Қазақстанда менің елім –жерім деп тұратын, және ол үшін бәріне баратын жанашыр да батыл азаматтардың көп болуы. Тарихта бәріміз білеміз, осы кең байтақ жерімізді аман есен арашалап, сақтап қалу барысында, талай ата-бабаларымыз өз өмірін ажалға қиюға дейін барды. Сонау жоңғар басқыншылығынан бастап, кешегі күнгі желтоқсан оқиғасына дейін еліміздің батырлары жерімізді қорғай білді. Алайда, қазіргі бейбіт өмірде, өз елімізді құлдыратып жатқандар қаншама. Мысалы, жемқорлық, халықты қанау, бай мен кедейдің бөлінуі көрініс алуы бәрі – бәрі Қазақ жері төмендетіп жатыр. Іштен шыққан жау жаман дегендей, ең алдымен соларды бір істі етіп алу қажет. Мұнымен айтқым келгені, жоғарыда отырған кей шенеуіктер өз жұмыстарын тыңғылықты атқарса. Мысалы, жолға бөлінген қаражат өз орнына жетсе, медициналық қызметтер арзан немесе мүлдем тегін болса, жұмыссыздар жұмыспен қамтылып, жалақылары да тиісті деңгейде болса, онда елімізде біршама гүлденер еді деген сенімдемін.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар дей отыра, қорытындылай келе, менің арманымдағы Қазақстан ол жаңа Қазақстан. Еш уайымы жоқ, дамыған елдер қатарында шалқып, тасып жатқан, ұл – қыздары бақытты және ең

бастысы патриоттық сезімдері білініп тұратын жанашыр адамдардың көп болуы. Сонда ғана, біз армамыздағы елді қалыптастыра аламыз!